

## Амангелді ауылының тарихы

Баяғы заманда бір ауыл болыпты. Ауылдың атауы болмапты. Сол ауылдың байлары ауылды өздерінің аттарымен аталуы үшін күні-түні таласыпты. Байлардың бірі:

- Ауылға Бөкенбай деп менің атымды қояйық, - депті.  
Екіншісі:

- Жоқ, менің атыммен аталсын, - дейді.  
Үшіншісі:

- Үшеуіміздің ішімізде ең көп байлық менде, ендеше ауылды менің атыммен атайық, - дейді.

Келісімге келе алмаған байлар ауылға ат қоя алмапты. Қанша айтысып таласса да байлардың ешқайсысы ауылдағы Амангелді батырдың атымен атауды ұсынбапты.

Бір күні ауылға жау тиіпті. Байлар жаудан қорқып мал-мүлкін жинап ауылдан қашып кетеді. Сонда Амангелді батыр жуға қарсы шығып, жеңіп, ауылды сақтап қалады. Батырды ел мақтап, батырдың ерлігі үшін ауылға «Амангелді» деп ат береді. Міне, содан ауылдың аты батырдың атымен Амангелді атанып кетіпті.